



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

салыстыра келе, Нужкент қаласы бүгінгі Өзбекстанның Ташкент қаласы маңында болуы мүмкін деген пікірді ұстанады. [2, 35-38 беттер] Осы арада Қытай деректерінде қала атының бір кездері Кіші Шаш - «小石国 (Шиау шы гуо)» аталуы назар аударарлық. Демек, Қытай саяхатшылары Шаш қаласына (Бүгінгі Ташкент қаласы) жақын орналасқан жаңа қаланы Кіші Шаш атауы бек мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шүй Шүйян. «Таң дәуіріндегі Жібек жолы және Орта Азияның тарихи жағырапиясы туралы зерттеу» «Батыс терістік университеті» баспасы. –Ши эн. -252 бет.
2. Жұңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-кітап. «Ұлттар» баспасы. – Бейжің. -2003 жыл. 1002 бет.
3. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -396 бет.
4. 玄奘. «大唐西域记». -重庆: 重庆出版社, -2008. -270页.
5. Сырымбетұлы Б. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2016. -608 бет.
6. 伯希和 : «玄奘记传中之千泉» 《西域南海史地考证译丛》五遍, 商务印书馆1956年, 第5~6页.
7. <https://kk.wikipedia.org/>
8. «Қытайша-Қазақша сөздік». – Үрімжі. «Халық» баспасы. 2001 ж.

УДК 327.5

САУД АРАБИЯСЫ МЕН ИРАНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ИСЛАМ ФАКТОРЫ

Гибатов Олжас Сапиоллаевич

ogibatov@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ.Құрманғали

АҚШ Таяу шығыс аймағындағы мәселелерге тікелей араласуы аяқталып, Сирия мен Мысыр гегемониясы Араб көктемі оқиғаларынан кейін төмендегенде аймақта вакуум пайда болған. Осы вакуумды келесі бір аймақтық держава толтыруға дайын болды. Соңғы жылдары бұл орынға Сауд Арабиясы мен Иран таласуда. Бұндағы геосаяси бәсекелестікте негізгі себеп олардың діни айырмашылықтарын болып табылады. Дегенмен, дін көп жағдайда үкімет пен медиа деңгейіндегі риторикада тым қарапайым түсіндірме ретінде қызмет атқарады. Екі мемлекет арасында қарым-қатынас тек суннизм-шиизмдегі айырмашылықтан қарағанда едәуір күрделі. Алайда бұл бәсекелестікті діни компонентсіз дұрыс түсінуге болмайды. Қазіргі Таяу Шығыс пен Сауд-Иран арасындағы күштердің қатынасын зерттеу үшін, оны діни белгісінен басқа да қырынан қарастыру қажет. Алайда бұл діни факторды толықтай алып тастамау қажет. Қазіргі Таяу Шығыстың тарихы мен саясатын талқылау барысында, оның діни қақтығыстарына көзқарасты қалыптастырып, сонымен қатар оны діни емес тұстарына жалпылама осы перспективадан қарастыру қажет. Соның нәтижесінде біз осы мәселенің объективтілігін дамытуға мүмкіндік аламыз. Бұл зерттеудің мақсаты - Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы конфликт, олардың діни сенімдерін көрсете отырып, оның басты себебі ретінде әр мемлекеттің стратегиялық геосаяси мүдделері алға қойылғанын көрсету.

Сауд Арабиясы мен Иран билікке бәсекелестігінде тек діни айырмашылығы ғана роль ойнайды деп айту қиын. Олардың бәсекелестігі Иранның популисттік теократиялық-ислам

үкіметінің тікелей Сауд Арабиясы монархиясының легитимділігін сынға алуынан бастау алады. Иран өзін АҚШ империализміне қарсы тұратын күш ретінде көрсетеді және панисламизмді қолдаушыларға тартымды модель ретінде қызмет атқарады. Сауд Арабиясы, өз кезегінде, абсолютті монархия болып табылады және халықтық демонстрацияларға қарсы болу мен аймақтық ұйымдардағы елеулі аса маңызды ролі бар мемлекет. Екі мемлекет мұнайдан түскен пайданы өзінің саясатын іске асыру үшін көптеп қолданады, бірақ Таяу Шығыс аймағында өзінің беделін таратуда әр түрлі жолдарды қолданады.

Сектарианизм. Суннизм мен шиизмнің арасында айырмашылықтар болғанымен, бұл екі топ бір-бірімен бейбіт өмір сүргені тарихтан белгілі. Медиа мен мемлекетті басқарушылар суниттер мен шиитер арасында «1400 жылға созылған соғыс» туралы көптеп хабарлайды, алайда бұл сипаттама шындығынан алыс. Бұл исламның екі тармағы ғасырлар бойы біте қайнасып келеді. Кез-келген фундаменталды қарсыластық секілді суниттер мен шииттер арасында өздеріне тән белгілі конфликттері болған, бірақ бұл тарихи уақыттың көп бөлігін олар тікелей қақтығыста емес, плюрализм мен бейбітшілікте болды. Ислам пайда болғаннан кейінгі жылдарда Араб халифаты Еуропалықтар мен Моңғол империясымен қақтығыстар болғанымен, діннің өзі көп жерлерге тарағанын байқауға болады. Мұндай дінішілік шиеленіс белгілері тарихта тұрақты болған жағдайда ислам дінінің таралуына үлкен кедергі келтіруші еді[1]. Суниттер мен шиитер арасындағы шиеленіс тек соңғы жылдары орын алған тарихи оқиға болып табылады және өз кезегінде ол Иран революциясы мен содан кейінгі Таяу Шығыстағы саяси өзгерістеріне, соның ішінде Араб көктемі оқиғаларына байланысты.

Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, жергілікті халықтың отарлануы мен қасақана жасанды этникалық карама-қайшылықтардың құрылуы немесе жандануы, мысалы Руандадағы Бельгияның билігі мен Үндістандағы Британияның билігі секілді, суниттер мен шиитер арасындағы қарым-қатынасты ауырлатты[2]. Бұл теория Батыстық державалар Таяу Шығыстағы статус-квоны сақтау үшін осы карама-қайшылықтарды ұшықтыруға тырысқанын белгілейді. Мұнда өздерін тұрақты түрде қызмет атқаратын топтар болмағаны анық байқалған, сол себепті бұл аймақ өте бөлінген болып саналады. Бұл көзқарас бойынша, осы діни шиеленістің бастамасы осы күнге дейінгі суниттер мен шиитер арасындағы үздіксіз күресінің болуы арқылы көрсетуінде жатыр. Бұл бөліп алу мен билеу стратегиясы бірегей болып табылмайды; сыртқы акторлардың әрекеттері арқылы өздерінен назарды аударту мақсатында бір-бірін қауіп ретінде қарастыратын топтар арасындағы бытыраңқылықты пайдаланып, шиеленісті тудыру бұрыннан бәріне белгілі саяси стратегия болып табылады. Мұндай түсіндірме исламға діни күрес тән екендігін айғақтайды және сектарианизмнің элеуметтік негізде пайда болатынымен бөлінген мұсылман қауымында өз билігін сақтауға тырысатын субъекттер арқылы күшейгендігін ескермейді.

Сектарианизм аясында белгіленген аймақтық қақтығыстардың болуына карамастан, қазіргі таңдағы Таяу Шығыстағы мемлекеттердің өзара әрекеттесуі мен инклюзивті үкіметтердің бірге қатар өмір сүруі күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Сириядағы азаматтық соғысқа дейін бұл мемлекет өзінің алуан түрлі топтарымен, соның ішінде суниттер, алауиттер, друздар, христиандық қауымдарымен арабизм идеясының басты қолдаушысы болған. Сонымен қатар, Ливан инклюзивті билік бөлісу негізінде үкіметтік құрылымды орнатты. Бұл екі мысал қазіргі кездегі тарихта суниттер мен шиитер Таяу Шығыстағы қозғаушы күштер болмағандығын көрсетеді. Бұдан гөрі, мемлекет лидерлері дінге карамастан араб ұлттық идеясын барлық діндер арасында таратуды алға қойған. Мысал ретінде, араб бірлігі 1948ж. Араб-Израиль соғысы мен 1967ж. Алты күндік соғыс кезінде араб мемлекеттерінің діни айырмашылықтарына карамастан Палестинаны қорғау барысында Израильге қарсы күресінде көрініс табады[3].

Бүгінгі күнде суниттер саны шиитерден көп, соңғылары мұсылмандардың 10-15% құрайды. Шииттер әлемдік дәрежеде аз бөлігін құраса да, Парсы шығанағы аймағы жергілікті тұрғындарының 80% болып, Иран, Ирак, Сауд Арабиясының мұнайға бай

аймақтарында тұрады[4].

Діни қақтығыстар соңғы жылдары Таяу Шығыстың кейбір аймақтарында пайда болған. Мемлекет ішіндегі бәсекелестік Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы секілді үлкен дәрежеде көрсетілген және суниттерді шиитік мемлекеттерде және шииттерді суниттік мемлекеттерде әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тежейді. Мұндай бір топты алға қойып, басқа топтың мүдделерін басып отыратын жергілікті саясаттар осы екі топтардың бір-біріне деген наразылығынан емес, мемлекеттердің бір-бірінің билігіне күмән келтіру бағытталған геосаяси стратегиясы негізінде пайда болды[5]. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы мен Иран басқа суниттік пен шииттік мемлекеттер мен қозғалыстарды тек олардың діни негізінде ғана қолдамайды; бұл мемлекеттер өз ресурстарын олардың геосаяси мүдделеріне сай келетін елдерге бағыттайды. Сектарианизм «басқалардың» пайда болуына әкелгенімен, бірақ сонымен қатар билік, ресурс, территориялық мүдделеріне қатысты болып табылады.

Сауд Арабиясы. Сауд Арабиясы өзінің стратегиялық орналасуына, Мекка мен Мединаны басқаруына, мұнай ресурстарына байланысты әлемдік дәрежеде өзінің тұрақты актуальділігін сақтап қалды. Географиялық жағынан үлкен мемлекет, 33 млн-ға жуық халқы бар, Парсы шығанағындағы беделділігі төмен басқа мемлекеттермен шектескен бұл корольдік аймақта саяси басымдылыққа ие болған. Ол әлемдегі жалғыз уахабиттік мемлекет болғанымен және Таяу Шығыстағы мемлекеттермен бірдей діни көзқараста болмағанына қарамастан, мұнда Ислам дінінің ең басты екі қаланың орналасуы жылына 18 млн-ға жуық адамның келуіне ықпал жасайды[6]. Сонымен қатар, бұл мемлекеттің уммаға, мұсылман қауымы істеріне қатысу қажет, корольдіктен шыққан бұл қызмет мұсылмандардың хадж жасауына реттеп отырады.

Дін биліктің бастамасы болып табылады, Сауд Арабиясы Ислам дінінің қасиетті қалалары, Мекка мен Мединаға басшылық жасайды және мұнда трайбализм, патшалық, мұнай ресурстары қосымша үкімет билігінің негізі болып табылады. Мемлекет адамдардың салық төлеуіне тәуелді емес; оған қарағанда, бұл корольдік әлемдегі екінші мұнай экспорттаушы мемлекет, ол мұнай ресурстарынан түскен пайдаға тәуелді.

Сауд Арабиясының сыртқы саясатында өзіндік ерекшеліктері бар және олар корольдіктің өзіндік ерекшелігіне қауіп төндірген аймақтық саяси өзгерістер негізінде құрылған. Ислам революциясына дейін Сауд Арабиясы өзін Ислам әлемінің жалғыз легитимді лидері ретінде алға шығарған. Алайда 1979ж. кейін Корольдік өзінің Иранның ерекшелігін көрсету үшін суниттік сипаттамада дамуға тура келді, сонымен қатар аймақтағы саяси одақтастарды сақтау үшін өзін нағыз Ислам лидері ретінде көрсету керек еді. Мысырдағы 2012ж. «Ағайынды мұсылмандардың» көтерілуі одақтас болған саудиттердің ислам әлеміндегі лидерлік позицияларына күмән келтірді, бұл жағдайда корольдіктің ерекше орыннан айырылу өзіндік дағдарысты тудырды және олардың әлемдегі салафи-уахаби ролін реформалау арқылы қайта алға шығару, сол арқылы «Ағайынды мұсылмандармен» лидерлік позицияға қарсыласуға тура келді. Бұл Таяу Шығыстағы екі саяси өзгеріс нәтижесінде Сауд Арабиясы өз ерекшелігінен айырылды, Корольдіктің ары қарай консерватизмнің нығаюына және уахабизмнің сыртқа таратылу программаларының шығуына әкелді[7]. Сектарианизм Сауд Арабиясы үшін аймақтағы өзінің доминанттық позициясын сақтаудағы инструмент ретінде болды.

Иран. Иранның қазіргі заманғы тарихы өте ерекше болып келеді, себебі ол 1979ж. Иран революциясына байланысты конституциялық монархиядан теократиялық республикаға айналуына, оның ерекше парсы этникалық сипаттамасына, араб мемлекеттерімен қоршалуына байланысты. Осындай ерекше сипаттамасына байланысты Иран Таяу Шығыстағы көптеген мемлекеттерде қауіп ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде Иранның сыртқы және ішкі саясатына үлкен әсерін тигізеді. Иран басшылары бүгінге дейін панисламдық лидер позициясына тұруға тырысады және соған байланысты діни бытыраңқылықты азайтуға және Америка мен Батыстық державаларға қарсы коллективті исламдық дұшпандықты құруға тырысады.

Иранның өзіндік ерекше саяси мәдениеті бар және ол парсы национализмі пре-

исламдық философиясының үлкен әсерінде болды. Оның парсы мұрасы мен шиитік практикаларына байланысты мемлекет көп жағдайда аймақтық дұшпандыққа тап болады және экономикалық немесе геосаяси себептерге емес, идеологиялық тұрғыдан ынталандырылған скептикалық пен таңдамалы сыртқы саясатты ұстауға тура келді. Иранның сыртқы саясаты мемлекет тұрақты түрде өзінің легитимділігін, егемендігін, мемлекет ішілік қауіпсіздігін сақтауды қосатын режим қауіпсіздігі саясаттарын приоритетке алады[8].

Ислам революциясынан бастап Иранның сыртқы саясаты мен идеологиясы тұрақты түрде сақталған болатын. Иран өзінің мүдделері мен саясатын универсализмге немесе «мұсылман қоғамының географиялық шекарасындағы ислам көзқарасы бар әлемдік тұрақтылыққа» негіздейді.

Иранның өз одақтастарын олардың шиитік исламды ұстануы негізінде таңдайтындығы жалпылама жалған түсінік болып табылады. Себебі ол өз кезегінде Хамас пен Талибан сияқты топтармен стратегиялық серіктестігін сақтайды. Осы топтың екеуі де сунниттер болып табылады, бірақ олар аймақтық статус-квоға едәуір қарсылық білдіреді. Иранның негізгі мақсаты өз беделін нығайтуда платформа ретінде қолдануға болатын нақты географиялық аймақтарда өзінің қатысуын орнату болып табылады[9].

Аймақтық мүдделер. Прокси соғыс. Таяу Шығыстың гегемондық күштері, Сауд Арабиясы мен Иран, қазіргі таңда бірнеше аймақтық интервенциялар мен прокси соғыстарға қатысып отыр. Бахрейн мәселесін қарастыратын кезде осы аталған екі мемлекеттің ролін және әр мемлекеттің қолданған геосаяси стратегиясы атап айту қажет; Сауд Арабиясы реалполитикті қолданса, Иран идеологиялық есепті алға қояды. Бахрейн кейсі Сауд Арабиясы мен Иранның 2011ж. Араб көктемі оқиғаларына қаншалықты тез жауап беретінін көрсетеді, мұндағы олардың ұзақ мерзімгі аймақтық стратегиялық мүдделері алға шығады, Сауд Арабиясының Бахрейн басшыларымен одағы мен Иранның бұл мемлекетке тарихи байланысын қарастыру қажет[10].

Бахрейнді саяси шиеленісінде діни мәселе алға қойылғанымен, ол елдегі саясатының тек бір түсіндірмесі болып табылмайды. Халықтың шамамен 65-75% шииттер, ал оның 1/3 бөлігі Парсы шииттері болып табылады, бұл топ сунниттік монархияға ерекше түрде сенімсіздік тудырады. Бірақ бұл демографиялық композицияға қарамастан, Бахрейн парламентінің 40 мүшелерін сунниттер басым болып табылады. Елде шиитерге қарсы тарихи зорлық-зомбылық жүргізілген[11]. Бұндай шиитерге қарсы саясаттар бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатыр және мемлекеттік органдардағы жұмыста, т.б. жерлердегі дискриминация арқылы көрініс табады.

Бахрейндегі араб көктемі оқиғалары мен соның нәтижесінде пайда болған репрессиялар Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы дипломатиялық қақтығыстарды жандарды, осындай мәселелер Сауд Арабиясының Иран революциясы кезінде және одан кейінгі жергілікті демонстрацияларға реакциясымен ұқсас болған. Бұл екі ел арасында тағы бір конфликт кейсі болғанымен, ол Сауд Арабиясы мен Иран агрессивті және қорғаныс стратегияларын қолданғанын алға қояды. Сауд Арабиясы тарапынан революцияны басу мен статус-квоны сақтау талпынысы, ал Иран тарапынан Бахрейндегі саяси төңкерісті капитализациялау арқылы одақтастықты Республикаға қарай аударту талпынысы орын алды. Иран мен Бахрейнді одақтасуы аймақта басқа да коалицияларды құруға жол ашады және ол өз кезегінде кейін аймақтағы ықпалын күшейтуге мүмкіндік берер еді. Бахрейн мәселесінде Сауд Арабиясы үкіметті және Иран азаматтық көтерілісті қолдаған. Бұл кейс діни сипаттама болғанымен, проблема толығымен сектаринадық болып табылмайды, ол бұған қарағанда бір топтың билікті сақтау мақсатында саяси қауіп ретінде қарастырылған халықтың бір тобына қарсы бағытталған жүйелі дискриминациялық саясаттардан шығады[12].

Бахрейнді Корольдікке қатысты географиялық орналасуы мен Парсы империясына тарихи қатысы бұл кішігірім аралды Сауд-Иран саяси конфликтінің орталығына айналуына әсерін тигізді. Бахрейндегі Араб көктемі кейсі діни шиеленіс тұрғысынан қарастырылуы мүмкін, бірақ одан гөрі екі ел арасындағы геосаяси конфликт және олардың үкіметтік монархияларды қолдауына қарсы революциялық топтарды қолдау негізінен қарастырылуы

мүмкін.

2011ж. Араб көктемі аймақ бойынша Сауд Арабиясына одақтас үкіметтерді биліктен аластатты. «Ағайынды мұсылмандардың» алға шығуы Корольдіктің өздеріне берген Ислам әлеміндегі суниттік лидер роліне қауіп төндірді. Иранның пайда болған вакуумді толтыратындығынан және аймақтағы азаматтық бүліншілікті капитализациялаудан қауіптеніп, Саудиттер тез арада аймақтық одақтастарының үкіметтерін қаржылай және әскери көмек бере бастады. Корольдік Иордания, Йемен, Мысыр, т.б. мемлекеттердегі протесттерді басуға миллиардтаған қаржылай көмек берген, тіпті Марокко мен Иорданияның ПШАМЫҚ-тың құрамына өтудің мүмкіндігін қарастырған[13]. Статус-квоны сынға алатын революциялық қозғалыс ретінде араб көктемі Ирандықтар үшін жаңадан серіктестерді алуға және аймақта өзінің беделділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сауд Арабиясы мен Иранның Бахрейндегі кейсі саудиттер мен ирандықтардың араб көктемі негізінде қарастыруы және оның нәтижесінде олардың аймақтағы интервенциясын көрсетеді. Иранның Бахрейндегі интервенциясын дәлелдеу қиын болғанымен, оның аймақта беделі өспеген жағдайда саудиттер бұдан қауіптенбей, оған көңіл аудармай әскери көмек көрсетпеуші еді. Алайда, ПШАМЫҚ-тың көтерілісте тікелей әскери интервенциясы болмаса, Бахрейндегі Араб көктемі нәтижесі басқа сипатта белең алар еді.

Қорытынды. Таяу Шығыс қазіргі таңда лидерліктің дуалистік сипатта болуын өз басынан кешіруде. Бұл мақаланың негізгі мақсаты Сауд Арабия мен Иранның лидерлік позицияларына байланысты істері діни айырамшылықтарына негізінде емес, одан гөрі екі мемлекеттің аймақтағы саясатты жүргізуде реалполитик пен идеологиялық стратегияларын ұстанатындығын көрсету. Екі мемлекетте де басқа діни топтарға байланысты саясаттары болғаныменен, Риад негізінен аймақтық шиеленесті Иранның агрессиясына негіздейді және ол өз кезегінде шиитік агрессиясымен бірдей дәрежеде ескерілетін болды, ал Тегеран суниттік пен шиитік конфликтті емес, Американы айыптайды.

Сауд Арабиясы мен Иранның геосаяси үстемдікке ие болу талпынысы екі мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздік сақтау мәселесіне айналды. Сауд Арабиясы мен Иранның ұлттық қауіпсіздігіне келгенде, режимдер ресурстардың көп бөлігін сыртқа инвестициялаумен, сонымен қатар саяси қауіп ретінде қарастыратын мұсылмандардың аз бөлігін құрайтын топтарды жүйелі түрде бөлуі бар жылдам ішкі қауіпсіздікті орнататын саясаттарды жүргізуімен айналасты. Бұл жергілікті қауіп ретінде қарастырылатын мәселелерде басып тастау тактикасы тек болшақта шығатын режимге қарсы оппозицияның пайда болуын тежейді. Альтернатива ретінде мемлекеттер бұл қысымды азайтып, барлық халықты қосатын әлеуметтік және экономикалық диалогтерге негізделген қадамдарды жасауға мүмкін еді.

Азаматтық бүліншілікке келген кезде тарихи тұрғыдан бұл мемлекеттер басқа елдермен бірге саяси шиеленістерді және наразылықты қоғамдық шығындарды өсіру арқылы шешуге тырысқан. Бұл стратегия ұзақ мерзімде бейбітшілікті орната алмаса да, мемлекет ішінде қаражаттың болуына көмектесті. Прокси соғыстар бұл қаражаттардың тез азаюына әкеледі, бұл әсіресе Йемен мәселесін шешуді көздейтін Сауд Арабиясы үшін кейсінде көрініс табады. Басып тастауға бағытталған жобаларға қарағанда эгалитарлық сипаттағы саясаттардың инвестициялау экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді. Осы ұлттық қауіпсіздік стратегиясы ұзақ мерзімде екі мемлекет үшін тиімді болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Sachedina, Abdulaziz. 2001. The Islamic Roots of Democratic Pluralism. New York, NY:Oxford University Press
2. Nardone, Jaclyn. 2010. "Intolerability Inferior Identity: How the Social Construction of Race Erased a Rwandan Population." University for Peace and Conflict Monitor. Retrieved April 17, 2017
3. Victoria Chen, 2017 «Saudi Arabia and Iran: Sectarianism, a Quest for Regional Hegemony, and International Alignments»
4. Nakash, Yitzhak. 2003. The Shi'is of Iraq. Princeton, NJ: Princeton University Press

5. Еуър ERSOY, Saudi Arabia and Iran in the New Middle East
6. Guido Steinberg, Leading the Counter-Revolution: Saudi Arabia and the Arab Spring
7. Нейматов А.Я. Исламский фактор и его влияние на политику Саудовской Аравии
8. Anoushiravan Ehteshami, The Foreign Policy of Iran
9. Shahram Chubin, Iran and the Arab Spring: Ascendancy Frustrated
10. Moustafa Ezz, After the Arab Spring: The Security, Stability and Geopolitics of Saudi Arabia and the Middle East
11. Tali Rachel Grumet, New Middle East Cold War: Saudi Arabia and Iran's Rivalry
12. F. Gregory Gause III, Beyond Sectarianism: The New Middle East Cold War
13. Banafsheh Keynoush, Saudi Arabia and Iran: Friends or Foes?

УДК 327.5

ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ФАКТОР В РАЗВИТИИ КОНФЛИКТА В СИРИИ

Досанова Айым Айдоскызы

aiymdosanova@gmail.com

Студент 4 курса факультета Международных отношений,
кафедры Востоковедение ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Г.К.Курмангали

Исторически Сирия сформировалась страной многонациональной и многоконфессиональной в силу ряда обстоятельств и причин. Это и географическое положение, и сама глубокая история с древними цивилизациями. Бесчисленное количество войн, торговые отношения приводили к перемещению народных масс. Деление внутри одной страны на большое количество этноконфессиональных групп неизбежно и сильно влияет на уклад жизни и политический строй в стране. Особенно в Сирии, где отголоски средневековья и традиций очень сильны в обществе. Ярчайшим примером может служить факт, того, что часть арабов делятся по племенному признаку до сих пор. Религиозные и племенные лидеры являлись носителями абсолютной власти в народе. С течением времени они никуда не делись, а лишь трансформировались в политические кланы, активные поныне.

Также нельзя сбрасывать со счетов вопрос этнических меньшинств. Он также стоит остро в САР. Подавляющее большинство населения являются арабами, но Сирия также является родиной для множества других этнических групп. Они играют свою роль в истории Сирии, которая не так уж и мало важна. В современных событиях, охвативших территорию Сирии, они также являются активными участниками. Относительно этнических меньшинств политика страны всегда была достаточно отрегулированной и четкой. Жесткий контроль над определенными из них и постоянное лавирование, направленное на сохранение выдержанного баланса – вот как можно описать многолетнюю политику Сирии касаясь меньшинств. Политэтничность и нестабильность межэтнических отношений в региональном политическом пространстве в некой мере оправдывает проводимую политику. В первую очередь, она была направлена на сохранение целостности, как политической, так и территориальной.

Общая численность населения на 2016 год составляло около 18,5 млн человек. Для сравнения, эти показатели согласно данным 2010 года составляли 21,02 млн человек. Основной составляющей всех сирийцев являются арабы. Они составляют около 88% всего населения страны. И они не столь гетерогенны, как популярно считать. Преобладающая часть – сирийские арабы (17,8 млн), палестинские арабы (753 тыс.), ливанские арабы (97 тыс.), иракские арабы (58 тыс.), иорданские арабы (39 тыс.). А также необходимо упомянуть особые группы, такие как кочевники-бедуины и друзы. Их численность не может быть точно определена, так как это наиболее закрытые и «труднодоступные» общины. Если с первыми